MANGYSTAY'S
«ҚАЗАҚСТАН» ҰТРК» АҚ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ
МАНГИСТАУСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ФИЛИАЛ
АО «НТРК «КАЗАХСТАН»
Кіріс/Вход: № 01-11/570
«26» 08 2024 ж.,г.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 13 маусым №4712-24-00-2/1837 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ш.Тленов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан» Республикалық телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Apple Group» басшысы Әділхан Аякөз

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан» Республикалық телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамы талап қоюы –қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Apple Group» басшысы Әділхан Аякөз мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Apple Group» басшысы Әділхан Аякөзден «Қазақстан» Республикалық телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамы пайдасына 6217 (алты мың екі жүз он жеті) теңге тұрақсыздық айыбы және 187 (жүз сексен жеті) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Ш.Тленов

Көшірмесі дұрыс

Судья А.Ш.Тленов

Анықтама.Шешім заңды күшіне 31 шілде 2024 жылы енді.

Судья А.Ш.Тленов